

«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ

26.08.2022 ж.
«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ
Директорлар кеңесінің
хаттамасымен бекітілген

«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық тұрақтылығын анықтау тәртібі мен шарттары

2022ж.

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық тұрақтылығын анықтау тәртібі мен шарттары		
		1-ші нұсқа	2-ші бет/ 4 беттен

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Каспий» Тауар Биржасы» АҚ биржалық саудаға қатысушыларының қаржылық тұрақтылығын анықтау тәртібі мен шарттары (бұдан әрі - Тәртіп) 2009 жылғы 4 мамырдағы «Тауарлық биржалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген «Биржалық сауда қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі - Биржалық сауда қағидалары) талаптарына сәйкес, биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық тұрақтылық нормаларын сақтау мақсатында әзірленген.
- 1.2. Осы Тәртіпте қолданылатын терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес айқындалады.
- 1.3. Осы Тәртіп қаржылық тұрақтылықты анықтау шарттарын мынадай тұлғаларға белгілейді:
 - 1) Биржа мүшесі ретінде аккредиттелген брокерлер мен дилерлерге, индустриялық сертификаты бар дилерлерден басқа;
 - 2) Биржа мүшесі - брокер/дилер ретінде аккредиттеуге үміткерлерге;
 - 3) Корпоративтік сатып алулар бойынша әлеуетті жеткізушілер ретінде биржалық саудаға қатысушыларға;
 - 4) Стандартталған тауарлар бойынша биржалық мәмілелердің сатып алушыларына.

2. Қаржылық тұрақтылықты анықтау шарттары

2.1 Дилерлер үшін:

2.1.1 «Каспий» Тауар Биржасында аккредиттелген және аккредиттелуге үміткер дилерлерге, тауар биржасында өздері өндіретін тауарларды өткізу қызметін жүзеге асыратын және индустриялық сертификаты бар дилерлерді қоспағанда, келесі талаптар қойылады:

- 1) меншікті капиталдың мөлшері кемінде 5 000 000 (бес миллион) теңге болуы тиіс.
 - 2) Биржалық сауда Қағидаларында және Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған тауар саудасы бөліміне сәйкес.
- 2.1.2. Капиталдың жеткілікті мөлшерін растау мүмкін болмаған жағдайда, Дилер Биржа белгілеген мөлшерде өз міндеттемелерін орындауға кепілдік ретінде Биржаның клирингтік ұйымына қосымша қамтамасыз ету енгізеді.

2.2 Брокерлер үшін:

2.2.1. «Каспий» Тауар Биржасы» АҚ-да үздіксіз жұмыс тәжірибесі бар, ағымдағы берешегі 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын немесе берешегі жоқ аккредиттелген брокерлерге меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар қолданылмайды.

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық тұрақтылығын анықтау тәртібі мен шарттары		
		1-ші нұсқа	3-ші бет/ 4 беттен

- 2.2.2. Тауарлық биржа алдында 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам берешегі бар брокерлер өздерінің меншікті капиталын кемінде 10 000 000 (он миллион) теңге мөлшерінде растауға тиіс. Осы ретте аталған аккредиттелген биржа мүшелеріне меншікті капиталдың мөлшерін белгіленген талапқа сәйкестендіру үшін 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзім беріледі. Белгіленген мерзім өткеннен кейін брокерлер тауарлық биржаға тиісті деректерді ұсынады. Меншікті капитал мөлшерін белгіленген шекке жеткізбеу олардың саудаға қатысуын тоқтата тұруға негіз бола алады.
- 2.2.3 Жаңадан аккредиттелетін брокерлер үшін тауарлық биржада меншікті капиталдың мөлшері кемінде 10 000 000 (он миллион) теңге болуы тиіс.
- 2.2.4. Брокер меншікті капиталының жеткілікті мөлшерін растау мүмкін болмаған жағдайда, өзінің қаржылық тұрақтылығын растау және міндеттемелерін орындау кепілдігі ретінде Биржаның клирингтік ұйымына қосымша қайтарымды жарна енгізу туралы өтініш беруге құқылы. Мұндай Брокерге қатысты Биржа тиісті мөлшерде, Биржамен келісілген жарнаны енгізген жағдайда, оны аккредиттеу туралы оң шешім қабылдауы мүмкін.
- 2.3 Барлық әлеуетті жеткізушілер үшін:
- 2.3.1. Әлеуетті жеткізушінің қаржылық тұрақтылығын растау үшін келесі талаптар қойылады:
- 1) Салықтық төлемдер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;
 - 2) Екінші деңгейлі банктер алдында берешектің болмауы және оның шотына тыйым салынбауы;
 - 3) Потенциалды жеткізушіге қатысты банкроттық рәсімінің қозғалмауы.
- 2.4 Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары бойынша әлеуетті жеткізушілер мен стандартталған тауарлар бойынша биржалық мәмілелердегі сатып алушылар үшін:
- 2.4.1. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары бойынша әлеуетті жеткізушілер мен стандартталған тауарлар бойынша биржалық мәмілелердегі сатып алушыларға қаржылық тұрақтылыққа қойылатын талаптар мемлекеттік кірістер органдарының келесі мәліметтері негізінде айқындалады:
- 1) табыстар;
 - 2) төленген салықтар,
- төленген салықтар көрсеткіші, келесі формула бойынша есептеледі:
- $$ТСк = ТСс / СТ \times 100\%, \text{ мұнда:}$$
- ТСк - төленген салықтар көрсеткіші,
ТСс - төленген салықтардың сомасы,
ТС - табыс сомасы.
- 2.4.2. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары бойынша әлеуетті жеткізуші мына талаптардың барлығына бірдей сәйкес келген жағдайда қаржылық тұрақты деп танылады:

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық тұрақтылығын анықтау тәртібі мен шарттары		
		1-ші нұсқа	4-ші бет/ 4 беттен

- 1) Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша әлеуетті жеткізушінің алдыңғы жылдан бұрынғы үш жыл ішіндегі кірісі сатып алуға бөлінген сома мөлшерінің кемінде жартысын құрауы тиіс;
 - 2) Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы жылдан бұрынғы үш жыл ішінде әлеуетті жеткізушінің төленген салықтар көрсеткіші оның кірісінің кемінде үш пайызын құрауы тиіс.
- 2.4.3. Стандартизацияланған тауарлар бойынша биржалық мәміле жасаған сатып алушы мына талаптардың барлығына бірдей сәйкес келген жағдайда қаржылық тұрақты деп танылады:
- 1) Сатып алушының кірісі мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелеріндегі деректерге сәйкес, алдыңғы жылдың алдындағы үш жыл ішінде биржалық мәміле сомасының кемінде жартысын құрауы тиіс;
 - 2) Сатып алушының салық төлеу көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелеріндегі деректерге сәйкес, алдыңғы жылдың алдындағы үш жыл ішінде оның кірісінің кемінде үш пайызын құрауы тиіс.

3. Қаржылық тұрақтылықты растау үшін әлеуетті жеткізушілерге қажетті құжаттар

- 3.1 Қаржылық тұрақтылығын растау үшін әлеуетті жеткізуші мына құжаттарды ұсынады:
- 1) Өтініштерді беру күніне дейінгі бір айдан ерте емес мерзімге, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне сәйкес төлем мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, не қарыздың бір теңгеден аз мөлшерде болуына байланысты берілген тиісті салық органының берешектің жоқтығы туралы немесе көрсетілген мөлшердегі берешектің бар екендігі туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;
 - 2) Әлеуетті жеткізуші қызмет көрсетілетін банк немесе банктің филиалы берген, қолы және мөрі (болған жағдайда) қойылған, анықтама берілген күнге дейінгі үш айдан астам уақыт бойы банкке немесе банктің филиалына берешектің болмауы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі.
Егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе олардың филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, анықтама осындай әрбір банктен ұсынылады.
 - 3) заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес тиісті кезең үшін қаржылық есептілік (1, 2 және 3-нысандар);
 - 4) соңғы үш жылдағы кіріс сомасы мен төленген салықтар туралы мәліметтер.

4. Белгіленген талаптарға сай келмеудің салдарлары

- 4.1. Осы Тәртіпте белгіленген қаржылық тұрақтылық талаптарына сай келмейтін биржалық сауда қатысушылары биржалық саудаға жіберілмейді.